

## Шортанды ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына 2010 жылы ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 ақпандағы № С-24/5 шешімі. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 сәуірде № 1-18-109 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі № С-4/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2012.04.12 № С-4/5 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес Шортанды ауданының мәслихаты

**Ш Е Ш І М** **Е Т Т І :**

1. Шортанды ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына 2010 жылы ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) ортажандық кірістері ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен аз қамтылған азаматтарға (отбасыларға) – айлық есептік көрсеткіштің елу пайызы мөлшерінде;

2) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер және олардың одақтастары құрған концлагерлер, гетто және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарының бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындарына – бір айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е .

2. Уәкілетті орган – Шортанды ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жоғарыда көрсетілген санаттарға ай сайынғы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеуді қамтамасыз е т с і н .

3. Қызмет көрсетулер төлемі «Қазпошта» акционерлік қоғамымен және Шортанды ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі арасындағы жасалған шарт негізінде заңмен белгіленген т ә р т і п т е жү р г і з і л е д і .

4. Шортанды аудандық мәслихаттың 2009 жылдың 18 ақпанындағы № С-13/3 «2009 жылы Шортанды ауданының мұқтаж азаматтарының жеке санаттарына ай

сайынғы әлеуметтік көмек көрсету туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-18-67 тіркелген, 2009 жылдың 21 наурызында № 11 «Өрлеу» және 2009 жылдың 21 наурызында № 11 «Вести» газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім Шортанды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқық қатынастарға таралады.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>Г.Астафьева</i>	
		<i>А у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихаттың хатшысы</i>	<i>Г.Скирда</i>	
<b>КЕЛІСІЛДІ:</b>		
<i>Аудан әкімі</i>	<i>С.Қамзебаев</i>	
	<i>« Ж ұ м ы с п е н</i>	<i>қ а м т у ж ә н е</i>
	<i>ә л е у м е т т і к</i>	<i>б а ғ д а р л а м а л а р</i>
	<i>б ө л і м і »</i>	<i>м е м л е к е т т і к</i>
<i>мекемесінің бастығы</i>	<i>Ж.Мұнтаева</i>	
	<i>« Э к о н о м и к а</i>	<i>ж ә н е б ю д ж е т т і к</i>
	<i>ж о с п а р л а у</i>	<i>б ө л і м і »</i>
<i>мекемесінің бастығы</i>	<i>О.Мут</i>	<i>м е м л е к е т т і к</i>